



№ 42 (9076),
жұма, 17 қазан
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті жиынға
қатысушылар!

Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналды. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтқым келеді: Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін.

Баршаңызға мәлім, елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда. Бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталып жатқан сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз.

Құрметті Жұмыс тобының мүшелері! Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік жеріде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, тау арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс.

Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл – мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным.

Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар



ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
ЗАСЕДАНИЕ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ПАРЛАМЕНТСКОЙ РЕФОРМЕ
АКТОРДА, 2025

өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек.

Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімді білдіріп келеді.

Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл өркештеліміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді.

Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді.

Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламенттік реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар

елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады.

Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта е-Parlament

қазіргі электрондық үкімет – e-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, е-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп өнуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр.

Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

Құрметті жиынға қатысушылар! Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді.

Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды.

Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, екшелген, жан-жақты сарапталған болуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс. Атап айтқанда, «Е-Отinish» және «Е-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін.

Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін!

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛДАРДЫ СУМЕН ҚАМТУҒА АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРДАН ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ



Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында өңірлерде азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қайтарылған активтер есебінен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан Жетісу облысындағы сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға және құрылыс жобаларына 480 млн теңге бөлді. Жоба бойынша Алақол ауданының Қоңыр ауылында ұзындығы 17 шақырым су желісін тарту және Қаратал ауданының Ұмтыл ауылында 4,8 шақырым су желісін жүргізу жоспарланған. Нәтижесінде, мыңнан астам ауыл тұрғыны ауыз сумен қамтылады.

Биыл Жетісу облысында сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту және салу бойынша барлығы 18 жоба жүзеге асырылып жатыр.

2025 жылдың соңына қарай өңірдегі орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған ауылдардың үлесін 99,9%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл – 329 ауыл мен шамамен 697 мың облыс тұрғыны.

Дереккөз: ҚР Үкіметінің телеграм каналы

KZgovernment/19522

ЖЕТИСУДА МАЛ ҚЫСТАТУ МАУСЫМЫ ҮШІН 2 МЛН. ТОННАДАН АСТАМ ЖЕМ-ШӨП ДАЙЫНДАЛДЫ, АЛ ӨНІРДЕГІ МАЛДЫҢ БАСЫ 2,7 МИЛЛИОННАН АСТЫ



Жетісу облысында жем-шөп дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Дәл қазір аймақта мал қыстату маусымына арнап 2 млн. тоннадан астам шөп, сүрлем және жем түрлері дайындалды. Ал облыстағы малдың басы 2,7

миллионнан асты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы таратқан мәліметке қарағанда, биыл 2 миллион 236 мың тонна жем-шөп дайындау жоспарланған. Бүгінгі күнге 2 млн. 270,1 мың тонна жем-шөп жиналды. Бұл межелеген жоспардан артық. Атап айтқанда, 1 млн. 324,6 мың тонна шөп, 327,6 мың тонна сабан, 203,0 мың тонна сүрлем, 292,3 мың тонна құрама жем, 122,6 мың тонна сенаж бар.

«Диқандардың қолындағы техниканың арқасында қысқа қажетті жем-шөпті толық дайындауға мүмкіндік бар. Мал қыстату маусымына дайындық әлі де жүріп жатыр, бүгінгі күні шөп пен сенаж толық жиналды, сүрлем, сабан және құрама жем дайындау жұмыстары жақын күндері аяқталады. Осылайша аймақтағы төрт түлік алдағы қысқа қажетті жем-шөппен толық қамтылады», - деп хабарлайды басқарма мамандары.

Дегенмен биылғы 8 айдың ішінде аймақтағы төрт түліктің саны 2 млн. 738 басқа жетті. Оның ішінде ірі қара 555,6 мың бас, қой мен ешкі 1,9 млн. бас, жылқы 224,9 мың бас, түйе 2,2 мың бас. Биылғы жыл үшін аймақтағы мал шаруашылығын дамытуға 4,6 млрд. теңге субсидия берілді. Бұл қаржы мал басын асырландыруға, ет өндіруге және сүттің бағасын тұрақтандыруға жұмсалған.

Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, нарықты етпен және сүтпен қанықтыру үшін бүгінгі күні облыста 25,7 мың басқа арналған 70 бордақылау алаңы және 8,3 мың басқа арналған 36 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сондай-ақ 2 млрд. теңге сомасына 3 ірі тауарлы сүт фермасы 1190 басқа кеңейтілді. Одан бөлек, Ақсу ауданында жылына 1500 тонна етті айналымға шығаратын 200 басқа арналған мал бордақылау алаңының құрылысы жеке инвестицияның қолдауымен аяқталуға жақын.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТИСУДА ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ САҚТАЛҒАН САЯБАҚ ЖАСАЛДЫ

Жетісу облысында табиғи ландшафты сақталған саябақ жасалды. Оның тағы бір ерекшелігі сол, бұл демалыс орнына «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркке өсетін ағаштар отырғызылып, оны мекендейтін жануарлардың мүсіндері орнатылған, сөйтіп «Қойтас» ұлттық парктің флорасы мен фаунасынан кеңінен хабар береді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аумағы 6 гектарды құрайтын «Қойтас» саябағы Сарқан ауданының Сарқан қаласында орналасқан. Саябақты абаттандыру облыс құрылғаннан кейін қарқынды қолға алынды. Оған дейін мұнда парктардың, жарық шамдары, спорт алаңдары жасалып, жаяу жүргіншілер жолына плитка төселген еді, сол сияқты Сарқан өзенінен өтетін аспалы көпір болған.

Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда, соңғы жылдары парктің кіреберісінде өзен жағалауымен оң және солға жүретін «Денсаулық» жағажайы, яғни жалпы ұзындығы 1 км жуық серуен алаңы жасалған. Сол сияқты жарық шамдары орнатылды, балалар ойын және воркаут алаңдары салынды. Ал парк ішінде жаяу жүргіншілер жолы, балалар алаңы мен спорт алаңдары, скейтборд алаңы, орындықтар, жарық шамдары, беседкалар, субұрқақ көз қуантады. Оған қоса бейнебақылау камералары орнатылған. Түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған, 400 адам сыйтын амфитеатр салынды.

- «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Қойтас» саябағында 1100-ге жуық қарағай, туя, көгілдір шырша және басқа да ағаш түрлері мен бұталар отырғызылды. Жалпы саябақта екі шолу алаңы салынған, оның біреуі саябақты, екіншісі Жоңғар Алатауын көруге мүмкіндік береді. Екінші шолу алаңы оған қоса таудың фонында фотосуретке түсетін аймақ ретінде де танымал. Жалпы біз өңірге туристер тартуда «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркімен бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Ұлттық саябақта өсетін өсімдіктерді «Қойтасқа» отырғызып, ондағы жан-жануарлардың мүсіндерін орнаттық. Қазіргі кезде арқардың, барыстың бейнесі қойылды, бұл жұмысты жалғастырамыз. Алдағы уақытта Сиверс алмасы отырғызылады. Тұтас алғанда бұл жер шағын ботаникалық баққа айналады деп ойлаймыз. Сондықтан оған алыстан көз жіберуге болатын, иректеліп келген үшінші шолу алаңын салып жатырмыз. Сонымен қатар парк аумағында кәсіпкерлер тарапынан ашылған сауда аумақтары бар. Басты талап – ішімдік сатуға тыйым салынған. Бұл табиғи саябақ арқылы өлкеміздің табиғи сұлулығын, мәдени байлығын, толымды тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізсек екен дейміз, - дейді Сарқан қаласының әкімі Амантай Орынбеков.

Саябақта бүгінгі күні жануарлардың, ұлттық аспаптардың, сол сияқты ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері, жалпы саны 11 кіші архитектуралық форма қойылған. Сарқан өзеніндегі тас үстінде русалканың мүсіні бар. Атап өтерлігі, саябақтағы жасыл желек үшін тамшылап суару жүйесі орнатылды. Келесі жылы үлкен автотұрақ салу және жыл бойы пайдаланылатын сырғанақ салу жоспарда бар. Алдағы уақытта ағаш отырғызу және шағын архитектуралық формалар орнату ісі жалғасады.

Саябаққа жиі келетін қала тұрғыны пікір бөлісті:

- Біз бала күнімізде өзеннің маңында серуендеп, ойнайтынбыз. Осы маңға ата-анамыз қонақтарды да ертіп келетін. Әр түрлі пішіндерімен көз тартатын тастарға қызығатынбыз. Бұл тастарға қатысты аңыз әңгімелер де көп, олардың мұнда жатқанына ғасыр болды деседі. Қазір осы орынды заманға сай көркейтіп қана қоймай, табиғи ерекшелігін сақтап қалғанына қуанамыз. Сөйтіп бұл қаламыздың тұрғындары мақтанышпен айтатын, рахаттана демалатын орынға айналды, - Айзада Бекетқызы.

Еске салсақ, Сарқан қаласы жуырда облыста «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өткізілген байқауда «Үлгілі аудан орталығы» номинациясын жеңіп алған болатын.

Жалпы облыс көлемінде аумағы 296,3 га болатын 132 саябақ, сквер, аллея болса, соның ішінде 11-і Сарқан ауданында орналасқан.

Фотограф: Қанат Байдрахымов.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ — ОПОРА МИРА И СТАБИЛЬНОСТИ



Казахстан — это государство, в котором на протяжении десятилетия мирно сосуществуют представители разных этносов, культур и религий. Сегодня в стране проживает более 130 национальностей, и каждый народ вносит свой вклад в развитие, культуру и экономику нашей Родины. Многообразие стало не препятствием, а силой, объединившей общество.

С первых дней независимости руководство страны сделало ставку на мир, согласие и толерантность как на стратегические приоритеты.

Межнациональный мир и межконфессиональное согласие — это не случайность, а результат целенаправленной государственной политики и высокого уровня гражданской ответственности. Однако стабильность в многонациональном обществе требует постоянного внимания, усилий и, главное, правовой защиты.

Одним из ключевых инструментов, охраняющих общественное согласие, является статья 174 Уголовного кодекса Республики Казахстан, которая прямо запрещает любые действия, направленные на разжигание:

- социальной,
- национальной,
- родовой,
- расовой,
- сословной
- или религиозной розни.

Подобные проявления не просто нарушают нормы морали — они несут прямую угрозу безопасности и стабильности всего общества. В современном мире, когда информация распространяется мгновенно, особенно через интернет и социальные сети, слова и действия отдельных лиц могут повлиять на целые группы людей. Поэтому за подобные преступления законом предусмотрено строгое наказание: от крупных штрафов до лишения свободы на срок от 2 до 7 лет, а при повторных или отягчающих обстоятельствах — и пожизненно.

Закон не запрещает свободу мысли и слова. Напротив, Конституция Республики Казахстан гарантирует каждому гражданину право на собственное мнение. Однако свобода не должна перерастать в вражду. Когда высказывания унижают достоинство другого человека или группы людей по признаку национальности или веры, — это уже не свобода, а агрессия, которая недопустима в демократическом обществе.

Согласие начинается с простых вещей — с уважения. Уважения к соседу, коллеге, однокласснику, независимо от того, к какому этносу или религии он принадлежит. Мир в обществе невозможно сохранить усилиями только государства — он строится каждым из нас: в семье, в школе, на работе, в интернете, в повседневном общении.

Особую роль в формировании культуры согласия играет система образования и воспитания. Школам и студентам важно прививать идею уважения, терпимости и равенства. Молодёжь — это будущее нации, и от того, какие ценности в ней формируются сегодня, зависит завтрашнее лицо Казахстана.

В стране успешно действует Ассамблея народа Казахстана — уникальный институт, не имеющий аналогов в мире. Она объединяет все этносы, живущие в республике, и способствует укреплению единства и дружбы. Ассамблея, как связующее звено, показывает, что в многообразии — наша сила, а не слабость.

Мир и согласие между народами — это не просто лозунг, произносимый на праздничных мероприятиях. Это повседневная работа, общая ценность и долг каждого гражданина. Только вместе мы можем сохранить и приумножить стабильность, которую строили десятилетиями.

Каждый казахстанец должен осознавать: наши слова и действия имеют последствия. Именно уважение к друг другу, ответственность за общественное спокойствие и приверженность закону позволяют нам жить в мире и согласии. А это, в свою очередь, является надёжной опорой для процветающего, сильного и независимого Казахстана.

В.ИВАНОВА.

ЖЕТИСУДА ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАҒЫ 2 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫНЫҢ ҮЙІНЕ ДАТЧИКТЕР ОРНАТЫЛАДЫ



Жетісу облысында бүгінгі таңда өрттің алдын алу іс-шаралары мен үй аралау жұмыстарымен әлеуметтік осал топтағы 7616 отбасы қамтылды. Осы санаттағы отбасы үйлеріне газдың қауіпті ш о ғ ы р л а н у ы н анықтайтын 2045 датчик орнату

жоспарланған. Бүгінгі күнге соның 820-сы орнатылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, датчиктер Кербұлақ, Ескелді, Сарқан, Панфилов, Ақсу аудандарында қойылған. Жалпы Департамент тарапынан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілуде. Оның аясында мемлекеттік органдар мен еріктілер ұйымдарының қатысуымен рейдтік тексерулер, тұрғындармен кездесу, білім беру мекемелерінде интерактивті сабақтар өткізілуде.

Мәселен, бүгін төтенше жағдай саласының қызметкерлері Талдықорған қаласындағы «Қызылтас» саяжайында тұратын әлеуметтік осал топтағы отбасы үйлерін аралап, пеш мұржаларын тазалады, датчиктер орнатты, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар рейд жұмыстарына «ТАТЭК» АҚ мамандары да тартылып, олар үйлердегі электр желілерінің жұмысын тексерді.

- Жетісу облысында жеке тұрғын үй секторларында жылыту маусымында өрттің алдын алу шаралары кеңінен атқарылуда. Халық арасында түсіндіру жүргізіліп, өсіресе жылыту құрылғыларының жұмысы, пеш жағу ережелерін түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Биыл әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасы үйлеріне орнату үшін газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик сатып алу жоспарланған, соның 1720-сы сатып алынды, қалғаны қазан айының соңына дейін сатып алынады, құрылғыны орнату жұмыстары жалғасып жатыр, - деді Жетісу облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғаныс капитаны Еламан Әубәкіров.

Аталған шараларға қатысты жергілікті тұрғындар да пікір білдірді. - Үйімізге тегін датчик қойып, пештің мұржасын тазалап берді. Төтенше жағдай қызметкерлері жыл сайын осылай көмектеседі. Жасым егде адам болғандықтан, жылыту маусымында маған осындай жұмыстарды атқаруға көмек қажет, сондықтан мұндай жұмыстардың атқарылып жатқанына ризамыз, - дейді жергілікті тұрғын Кәкімаш Оразбаева.

Атап өтсек, жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт оқиғаларының саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,2 есеге азайған.

Фотограф: Александр Склабовский, сол сияқты фотосуреттерді Жетісу облыстық ТЖД ұсынды. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЭКОЛОГИЯҒА ЖАНАШЫРЛЫҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ



Қазақстан Республикасы бойынша бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде Ескелді ауданында ауқымды сенбілік ұйымдастырылды. Бұл шара – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған мемлекетіміздің маңызды бастамаларының бірі. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты аялауға баулу, қоғамның белсенділігін арттыру – осы акцияның басты мақсаты болып отыр.

Аталған сенбілікке Ескелді ауданына қарасты барлық 11 ауылдық округ пен 33 елді мекен түгелдей қатысты. Аудан тұрғындары, мемлекеттік мекемелер мен ұйым қызметкерлері, білім беру және денсаулық сақтау саласының өкілдері, жастар мен еріктілер бірігіп, табиғатты аялауға өздерінің үлестерін қосты. Шара барысында 1300-ге жуық адам жұмылдырылып, 12 арнайы техника (қоқыс тасымалдайтын көліктер мен жүк машиналары) көмегімен 24 тоннадан астам тұрмыстық және өндірістік қалдықтар жиналып, арнайы полигондарға шығарылды. Бұл – аудан үшін ғана емес, аймақтың экологиясы үшін де үлкен көрсеткіш.

Экологиялық сенбіліктің аясында тазалық жұмыстарымен қатар көгалдандыру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілді. Аудан көлемінде 2500-ге жуық түрлі ағаш көшеттері отырғызылды. Жасыл желек – болашақ ұрпаққа қалатын байлық, сондықтан отырғызылған ағаштардың әрқайсысы келешектегі таза ауаның, салауатты ортаның кепілі болмақ. Халықтың белсенділігі — ел болашағына деген жанашырлықтың айғағы. Бұл жолғы сенбілік – жай ғана тазалық шарасы емес, ел тұрғындарының туған жеріне деген сүйіспеншілігін, табиғатқа деген жанашыр көзқарасын көрсететін нақты мысал. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі – осындай ұжымдық шаралар арқылы үлгі көрсету. Ата-анасымен бірге тазалыққа атсалысқан балалар, ағаш отырғызған жастар – ертеңгі саналы, табиғатты бағалай білетін азаматтардың өсіп келе жатқанын білдіреді. «Таза Қазақстан» — ортақ іс, ортақ жауапкершілік. Ескелді ауданының тұрғындары бұл экологиялық акцияға ерекше ынтымамен қатысып, табиғатты қорғау баршаға ортақ іс екенін тағы да дәлелдеді. Аудан әкімдігі мен жергілікті атқарушы органдардың үйлестіруімен сенбілік жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық санитарлық нормалар мен қауіпсіздік талаптары сақталды. Бұл бастама — тек бір күндік шара емес, ұзақ мерзімді көзқарасқа негізделген экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Мұндай сенбіліктер мен ағаш отырғызу акциялары болашақта да өз жалғасын табатыны сөзсіз. Ескелді ауданындағы бұл сенбілік — табиғатқа жанашырлықтың, азаматтық белсенділіктің, ортақ жауапкершіліктің жарқын көрінісі болды.

Таза орта — салауатты өмір кепілі! Туған жеріңді таза ұстау — әр азаматтың борышы!

ҚАРАПАЙЫМ МАМАНДЫҚ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР

Білім ордасы – тек білім мен тәрбие беретін орын ғана емес, сонымен қатар тазалық пен тәртіптің үлгісі болуы тиіс. Ал сол тазалықты көздің қарашығындай сақтап жүрген жандардың бірі – мектеп тазалықшылары. Олар күн сайын мыңдаған оқушы мен мұғалімнің жайлы әрі қауіпсіз ортада оқуына жағдай жасайды. Бүгін біз Ескелді ауданындағы бір мектепте көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тазалықшы Гүлнар апаймен сұхбаттасып, бұл мамандықтың қыр-сырымен танысып қайттық.

– Гүлнар апай, ең алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

– Менің атым – Гүлнар Сейтжанқызы. Ескелді ауданындағы мектебінде 12 жылдан бері тазалықшы болып жұмыс істеймін. Өзім осы ауданда туып-өстім. Еңбек жолымды осы мектептен бастап, бүгінге дейін адал қызмет етіп келемін.

– Күнделікті жұмысыңыз қалай өтеді?

– Біздің жұмыс күнделікті таңертеңгі ерте сағаттардан басталады. Алдымен сыныптарды, дәліздерді, есік-терезелерді тазартамыз. Әсіресе, суық маусымда еденді құрғақ әрі қауіпсіз ұстауға көп көңіл бөлеміз. Балалар жүрген жердің бәрі таза болуы керек – бұл біздің бірінші міндетіміз. Сабақтан кейін де жалпы тазалау жүргіземіз. Бір сөзбен айтқанда, мектептің тазалығы – біздің мойнымызда.

– Тазалықшы мамандығының қиындығы мен жауапкершілігі қандай?

– Бұл мамандық сырттай қарағанда қарапайым көрінуі мүмкін. Бірақ оның артында үлкен еңбек, тәзімділік пен тәртіп жатыр. Күн сайын жүздеген оқушы жүріп өтетін орындарды таза ұстау оңай емес. Әрбір бөлшекке мұқият қарау керек – сыныптағы шаң да, дәретхана тазалығы да бізге байланысты. Сонымен қатар, бұл жұмысқа жауапкершілікпен қарамаса болмайды. Себебі тазалық – балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің кепілі.

– Сіз үшін жұмысыңыздың маңызы қандай?

– Мен бұл жұмысты өзімнің

адал еңбегім деп білемін. Балалар таза мектепке келіп, білім алып жатса – соған мен де үлес қосып жатырмын деп есептеймін. Кейде оқушылардың «Апай, бәрі жарқырап тұр!» деген сөзін естігенде жүрегім қуанады. Еңбегімнің бағаланғанын сеземін.

– Қазіргі жастарға не айтар едіңіз?

– Ең бастысы – еңбек етуден ұялмау керек. Қай мамандықты таңдасаң да, оған жүрекпен берілсең, бәрі өз орнына келеді. Жұмысшы болу – кемшілік емес, керісінше, елге қажет, қоғамға пайдалы іс. Әркім өз ісін сүйіп, адал атқарса – еліміз де көркейеді.

Гүлнар апай секілді жандардың еңбегі – көзге көрінбегенімен, маңызы зор. Олар – білім ордасының тыныштығы мен тазалығы үшін күн сайын тынымсыз еңбек етіп жүрген, алғысқа лайық жандар. Осындай қарапайым, бірақ жауапты мамандық иелерінің арқасында мектеп өмірі тәртіппен, тазалықпен өрбіп келеді.

Тазалық – тәртіптің айнасы, ал тазалықшы – сол тәртіптің күзетшісі.

А.Асылбекқызы

БІР ТІСТЕУ – БІР ТАҒДЫР!



Күз табиғаттың қоңыр салқын кезеңі ғана емес, кейбір аса қауіпті жұқпалы аурулардың белең алатын маусымы. Соның ішінде ең қауіпті, ең ауыр және ең қайғылысы «ҚҰТЫРУ».

Бұл дерт көбіне жабайы (түлкі, қасқыр, борсық) және үй жануарлары (ит, мысық) арқылы жұғады. Ауру жұққан жануар адамды немесе басқа жануарды тістегенде, тырнағанда немесе сілекей жараға түскенде жұғады. Құтыру басталып кеткен соң, оны ешбір дәрі тоқтата алмайды және ешқандай ем көмектесе алмайтын өлімге әкелетін вирус. Құтырудың бір зұлымдығы, белгілері шыққанша тыныш жатады. Одан кейін барлығы өте тез өрбиді.

Құтыру вирус арқылы таралатын жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті инфекциялық ауру. Ауру адамның да, жануардың да миына әсер етіп, өліммен аяқталуы мүмкін. Құтырудың ең көп таралатын жолы ауру жануардың адамды тістеуі. Вирус сол сәтте-ақ сілекеймен бірге жараға енеді. Аурудың алғашқы белгілері бірнеше күннен бірнеше айға дейін білінбей жүруі мүмкін. Бірақ алғашқы белгілер байқала бастағаннан кейін, ауру өте тез өршиді.

Бастапқы белгілері әлсіздік, бас ауруы, дене қызуы, жара орнында шаншу, қышу немесе күйдіру сезімі, мазасыздық, ұйқысыздық, тәбеттің болмауы.

Кейінгі белгілері судан қорқу (гидрофобия) – жұтыну кезінде ауырсыну, жарықтан, шудан шошу, бұлшықеттердің тырысуы, салдану, қозу, агрессия, елестету, кома, өлім. Өкінішке қарай, аурудың клиникалық белгілері пайда болғаннан кейін ем жоқ. Науқас көп жағдайда 3–7 күн ішінде көз жұмады.

Құтырудың алдын алу жолдары! Құтыру алдын алуға болатын ауру. Бұл медицинаның жетістігі. Бірақ оның жалғыз жолы профилактика, яғни сақтық пен вакцинация. Үй жануарларын жыл сайын міндетті түрде вакцинациялаңыз. Балаларды бейтаныс жануарларды сипамау, қашық жүруді үйретіңіз. Жануар тістесе жараны сабынмен 15 минут жуыңыз. Антисептик жағып, медициналық көмекке дереу жүгініңіз. Вакцинация курсың толық алыңыз. Бір реттік екпе жеткіліксіз болуы мүмкін. Бүгінде кей адамдар «итім үйде, тістемейді» деп вакцина салдырудан бас тартып жатады. Бұл үлкен қателік. Себебі сіздің итіңіз ауадан шығып, біреуді тістеп, өмірін қиып жіберуі мүмкін. Сондықтан әрбір жануар иесі Заң жүзінде де, адамгершілік тұрғысында да жауапты тұлға.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының мал шаруашылығы және аңшылықпен айналысатындарға айтар кеңесі - түсі өзгерген, мінезі өзгеше мал мен аңнан сақ болыңыз. Жануар өлексесін өз бетіңізбен көмуге болмайды. Мал соймас бұрын мал дәрігерінің қарап тексеруі арқылы рұқсат алыңыз. Құтырудан өлген жануардың етін жеуге, өңдеуге қатаң тыйым салынады! Егер қандай да бір күдік пайда болған жағдайда міндетті түрде ветеринарлық қызметке хабарласыңыз.

Құтыру емделмейтін, бірақ алдын алуға болатын аса қауіпті жұқпалы ауру. Өлімге апаратын бұл дертке қарсы күресте ең басты қару сақтық, жауапкершілік және дер кезінде дәрігерге жүгіну. Жануар тістеген жағдайды елемей, «ештеңе етпейді» деп жүре берудің соңы орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан өзіңізді де, жақыныңызды да қатерге тікпеңіз!

Дәурен ӘДІЛБЕКҰЛЫ
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

ПРОФИЛАКТИКА БОТУЛИЗМА!

В целях предупреждения отравления среди населения особенно повышается количество случаев отравлении пищевыми продуктами.

Ботулизм – это пищевое отравление, возникающее в результате употребления продуктов, зараженных палочками ботулизма и характеризующееся тяжелым поражением нервной системы. Местом постоянного обитания возбудителей является почва, из которой они попадают на грибы, свежие фрукты, овощи, в воду, а затем в кишечник рыб и т.д.

Непременным условием для развития этих микробов является отсутствие кислорода, что может происходить в герметически закупоренных банках, в толще плохо прокопченных окороков, вяленой рыбы. Накопление токсинов в пищевом продукте твердой консистенции носит гнездный характер, поэтому часть употребивших такой продукт может заболеть, а часть – нет. Большинство консервов является хорошей питательной средой для размножения палочки ботулизма.

К ним в первую очередь относятся кабачковая и баклажанная икра, консервированные свекла и морковь, мясные, рыбные, грибные консервы.

Токсин, вырабатываемый па-

лочками ботулизма, по силе действия превосходит все другие бактериальные токсины и химические яды. Он устойчив к воздействию внешней среды и разрушается лишь при кипячении в течение 10 – 15 минут.

Инкубационный период при ботулизме составляет 6 – 8 часов, но может продолжаться и 8 - 10 дней! В большинстве случаев ботулизм начинается остро. Появляется недомогание, мышечная слабость, головокружение, головная боль, сухость во рту. В начальном периоде может наблюдаться тошнота, рвота, иногда боли в животе. В течение первых двух суток заболевания появляются нарушения зрения: пелена или сетка перед глазами, дрожание глазных яблок, опущение век, двоение в глазах. Голос становится слабым, глотание и дыхание затруднены. При тяжелом течении болезни наступают выраженные расстройства дыхания. Расстройство и остановка дыхания – наиболее распространенные причины смерти при ботулизме.

Эффективным средством лечения является антитоксическая противоботулиническая сыворотка.

Профилактика ботулизма: -не рекомендуется консервировать в домашних условиях гри-

бы, мясо, рыбу, зелень;

-для консервирования надо использовать только свежие фрукты и овощи, недопустимо консервировать лежалые, испорченные плоды;

-необходимо тщательно мыть овощи и плоды; если их поверхность загрязнена землей, пользоваться при мытье щеткой;

-строго соблюдать правила стерилизации банок, крышек и режим тепловой обработки продуктов в домашних условиях;

-хранить домашние консервы при низких температурах, обязательно отбраковывать и уничтожать бомбажные (вздутые) банки;

-запрещается покупать на рынках (с рук) изготовленные в домашних условиях консервированные грибы или овощи в банках с закатынными крышками.

-Так как к ботулиническому токсину особенно чувствительны дети, то им нельзя давать консервированные в домашних условиях продукты, не подвергнув их предварительной термической обработке

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель
Ескельдинского
районного УСЭК
Т. ЖАКИШЕВ,
Главный специалист

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНДА «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» АЯСЫНДА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



Қазіргі таңда елімізде әлеуметтік әл-ауқатты арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту және халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсету – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Осы орайда Ескелді ауданындағы Отбасын қолдау орталығында ұйымдастырылған «Ашық есік күні» және дөңгелек үстел – көпшілік үшін маңызды алаңға айналды.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары, аудандық білім бөлімі мен жұмыспен қамту орталығының мамандары, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бөлімшесінің инспекторы – полиция майоры, сондай-ақ полицияның аға лейтенанты және әлеуметтік сала өкілдері қатысты. Мұндай кең ауқымды қатысу кездесудің маңызын арттырып, талқыланған мәселелердің өзектілігін көрсетті.

Негізгі мақсат — қоғаммен ашық байланыс

«Ашық есік күні» аясында ұйымдастырылған бұл іс-шараның басты мақсаты — халықпен ашық диалог орнату, азаматтарды алаңдатқан

мәселелерді тікелей тыңдау және нақты шешу жолдарын ұсыну болды. Келушілер өз сұрақтарын қойып, мамандардан жеке кеңес алу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен қатар, іс-шара барысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, әлеуметтік көмек түрлерін түсіндіру, жұмыспен қамту мүмкіндіктері туралы да кеңінен

сөз қозғалды. Бұл мәселелер – бүгінгі қоғам үшін өзекті және көпшіліктің қолдауын қажет ететін бағыттар.

Ынтымақтастық пен қолдаудың жаңа мүмкіндіктері

Кездесу барысында мамандар мен қатысушылар арасында еркін форматта пікір алмасу өтті. Әлеуметтік осал топтар қатарындағы азаматтардың —

көп балалы аналар, мүгедектігі бар жандар, аз қамтылған отбасылар — жағдайын жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Жұмыспен қамту орталығының өкілдері еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, қайта даярлау курстары мен гранттық бағдарламалар туралы жан-жақты ақпарат берді. Бұл — жұмыс іздеген азаматтарға жаңа мүмкіндік пен сенім ұялататын нақты қадамдар.

Ал отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімі өкілдері зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету алгоритмін түсіндіріп, құқықтық және психологиялық қолдау тетіктеріне тоқталды. Жиын барысында отбасылық құндылықтарды сақтау мен қоғамдағы үйлесімділік туралы да терең ойлар айтылды.

Отбасы — қоғамның тірегі Кездесуде спикерлер мен қатысушылар отбасының рөлі, оның қоғамдағы орны және ұлттық құндылықтарды

сақтаудағы маңызын ерекше атап өтті. Бүгінде отбасын қорғау мен нығайту — тек бір мекеменің ғана емес, барша қоғамның, әсіресе мемлекеттік құрылымдардың ортақ міндеті екені айқын.

Дөңгелек үстелде қабылданған ұсыныстар мен пікірлер болашақта әлеуметтік қызметтердің жұмысын жетілдіруде ескерілетін болады. Мұндай іс-шаралар халықпен кері байланысты нығайтып, нақты көмек пен шешімге бастайтын маңызды құрал ретінде өз нәтижесін береді.

«Ашық есік күні» мен дөңгелек үстел — тек бір реттік кездесу емес, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтатын, ашықтық пен қолжетімділікті арттыратын қадам. Бұл шара барысында тұрғындардың көкейіндегі өзекті мәселелерге жауап беріліп қана қоймай, оларды шешудің жолдары да ұсынылды.

Отбасын қолдау, әлеуметтік әлсіз топтарға көмек көрсету, зорлық-зомбылықтың алдын алу – бұлардың барлығы еліміздің тұрақтылығы мен болашағы үшін аса маңызды. Ал мұндай кездесулер – сол бағыттағы нақты, нәтижелі іс-шаралардың жарқын көрінісі.

АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ – «ҮЛГІЛІ АУЫЛ» БАЙҚАУЫНДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ!



Ескелді ауданы үшін үлкен қуаныш! Облыстық деңгейде өткен «Үлгілі елді мекен» байқауының қорытындысы бойынша Алдабергенов ауылдық округі «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша III орынға ие болып, лайықты марапатқа қол жеткізді. Ауылға бұл мәртебелі марапатты Алматы облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыстық аппараттық жиын барысында салтанатты түрде табыстады. Бұл оқиға тек Алдабергенов ауылы үшін ғана емес, тұтас Ескелді ауданы үшін үлкен мақтаныш.

Бұл жетістік — ауыл халқының ортақ еңбегі мен татулығының, жүйелі жұмыстың, ауыл көркі мен мәдениетін дамытуға бағытталған нақты істердің нәтижесі. Ауыл әкімшілігі мен тұрғындар тығыз байланыста жұмыс істеп, ауыл ішіндегі тазалық, көгалдандыру, абат-

тандыру, инфрақұрылымды жақсарту, мәдени-көпшілік шараларды жандандыру сияқты бастамаларды табысты жүзеге асырып келеді.

Алдабергенов ауылдық округінің әкімі Жалғас Бақытұлы байқау талаптарына сәйкес ауылдың жан-жақты дамуына баса назар аударып, тұрғындармен бірлесе әрекет етудің озық үлгісін көрсетті.

Ауылда соңғы жылдары бірнеше маңызды бастамалар мен жобалар қолға алынып, нәтижесінде округтің келбеті айтарлықтай жақсарды.

Аудан басшылығының құттықтауы
Аудан әкімдігінде өткен жиында Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов Алдабергенов ауылдық округінің әкімі Жалғас Бақытұлы облыс әкімінен алған марапатымен құттықтап, ауылдың

жетістігі бүкіл аудан үшін үлкен абырой екенін атап өтті.

«Бұл — ауыл тұрғындарының а у ы з б і р ш і л і г і н і ң , еңбексүйгіштігінің және жергілікті билік пен халықтың ортақ ісінің айқын көрінісі. Мұндай табыстар — өңіріміздің даму деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Құтты болсын, Алдабергенов ауылы!» — деді аудан басшысы.

«Үлгілі елді мекен» байқауы жыл сайын ауылдардың даму деңгейін бағалап, өзге округтерге үлгі боларлық елді мекендерді анықтауға бағытталған. Байқау аясында ауылдың санитарлық жағдайы, көше жарығы, көгалдандыру жұмыстары, тұрғындардың белсенділігі, мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен әлеуметтік нысандардың жай-күйі секілді бірқатар маңызды көрсеткіштер ескеріледі.

Алдабергенов ауылдық округі осы талаптардың барлығын сәтті орындап, үздік ауылдардың қатарына қосылды. Бұл — ауылдың жай ғана абаттандырылып қойғанының емес, онда тұратын халықтың сана-сезімі, тәртіпке деген құрметі мен туған жерге деген сүйіспеншілігінің белгісі.

Алдабергенов ауылының бұл жетістігі — тек марапат емес, ауылдың, ауданның дамуға деген ұмтылысының айғағы. Бұл бастама өзге ауылдық округтерге де үлгі болары сөзсіз. Таза, көркейген, мәдениетті ауыл — елдің келешегінің кепілі.

Құтты болсын, Алдабергенов ауылы! Жеңісті күндер көп болсын!

Дара Дана

ЕСКЕЛДІ ӨНЕРПАЗДАРЫ ОБЛЫСТЫҚ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІНДЕ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ!



Мәдениет — ел руханиятының тірегі, ұлттың ұлы мұрасы. Сол руханиятты дамытуда еңбек етіп жүрген өнерпаздарымыздың жетістіктері — халық мақтанышы. Осындай жарқын мысалдардың бірі — жақында Талдықорған қаласында өткен халық театрлары арасындағы облыстық байқау-фестиваль, онда Ескелді аудандық Мәдениет үйінің ұжымы абыроймен өнер көрсетіп, III орынға ие болды!

Аталған байқау-фестиваль қазақ өнерінің дара тұлғасы, Қазақстанның халық әртісі, әнші, актер, драматург Қанабек Байсейітовтің 120 жылдығына арналды. Байқау өнер жолында өшпес із қалдырған саңлаққа тағзым ретінде ұйымдастырылып, театр өнерін насихаттау мен халық театрларының шығармашылығын дамытуға бағытталды.

Фестиваль Талдықорған қаласындағы Дәнеш Рақышев атындағы филармонияның сахнасында өтті. Бұл — Жетісу облысындағы ең мәртебелі мәдени алаңдардың бірі. Оған облыстың әр ауданынан келген үздік халық театрлары қатысып, сахналық қойылымдарын ұсынды.

Ескелді ұжымы — үздіктер қатарында

Ескелді аудандық Мәдениет үйінің талантты ұжымы да бұл байқауға ерекше дайындықпен қатысып, көрермен мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Сахна мәдениеті, актерлік шеберлік, қойылымның көркемдігі және мазмұны бойынша әділқазылар тарапынан жоғары ұпай жинап, III орын иеленді.

Бұл жүлде — аудан өнерпаздарының табандылығының, жанкешті еңбегі мен кәсібилігінің дәлелі. Ұжым бұл жетістікті бүкіл Ескелді жұртшылығына арнайтынын жеткізді.

Фестиваль барысында қойылымдар арқылы ұлттық болмыс, ел тарихы, адамгершілік пен руханият мәселелері көркем тілмен бейнеленді. Қанабек Байсейітовтің шығармашылығы арқылы халық театрының терең тарихы мен тәрбиелік маңызы тағы да бір мәрте дәлелденді.

Мұндай байқаулар — тек өнер бәсекесі ғана емес, рухани байланысты нығайтатын, өнерпаздарға шабыт беретін, жастарды сахна өнеріне баулитын маңызды мәдени іс-шаралар.

Ескелді аудандық Мәдениет үйі ұжымын зор жетістігімен құттықтаймыз!

Бұл жеңіс — тек шығармашылық табыс емес, аудан мәдениетінің деңгейін көрсететін маңызды белес. Өнердің өрісі кең, жолы ұзақ. Келешекте де осындай табыстар жалғасын тауып, аудан өнерпаздары биік белестерді бағындыра береді деген сенімдеміз.

Дара Дана

БЕРЕГИ ПЛАНЕТУ СЕГОДНЯ — ЗАВТРА МОЖЕТ БЫТЬ ПОЗДНО!



Мы всё чаще слышим слова: «экология», «загрязнение», «изменение климата». Но это не просто разговоры — это наша повседневная реальность. Сегодня человечество сталкивается с проблемами, которые ещё несколько десятилетий назад казались далекими: загрязнённый воздух, исчезновение животных, потепление климата и нехватка чистой воды. И всё это — результат человеческой беспечности.



Наше село Каратал — живописное, зелёное, окружённое полями и реками, но и здесь природа требует заботы. Последние годы жители всё чаще замечают, что мусора становится больше, а уровень воды в реках снизился. Весной ветер разносит по улицам пакеты и пластиковые бутылки, а некоторые пустыри превращаются в стихийные свалки.

Чтобы изменить ситуацию, в школе был создан «Жасыл клуб» — объединение неравнодушных ребят, которые решили действовать. Под руководством учителей Новиковой В.П. и Ахпергеновой Т.Т., старшеклассников члены клуба проводят экологические акции, субботники и образовательные проекты.

За последний год участники «Жасыл клуба» провели несколько значимых мероприятий:

1. Акция «Чистый Каратал» — школьники и жители убрали территорию вдоль реки, собрав десятки мешков мусора. После уборки ребята установили таблички «Береги природу!» и «Не загрязняй водные ресурсы!».

2. «Зелёный коридор» — совместно с сельским акиматом и учителями, учащиеся высадили более 100 саженцев деревьев вдоль дороги и во дворе школы. Теперь каждое дерево имеет своего «ответственного ученика».

3. Экологический урок для младших классов — члены клуба рассказывали детям, почему важно экономить воду и электроэнергию, показывали, как можно сделать скворечники и кормушки из вторсырья.

Пример нашего села показывает: даже маленькое сообщество может внести огромный вклад в сохранение природы. Не нужно ждать, пока изменится весь мир — начать можно с себя, со своей улицы, со своей школы.

Каждый может сделать что-то полезное:

- Утилизировать мусор в строго отведенных местах.
- Экономно использовать воду и свет.
- Сдавать макулатуру и пластиковые бутылки.
- Участвовать в субботниках и посадке деревьев.

Сегодня экология — это не просто наука, это образ жизни и ответственность каждого. Члены «Жасыл клуба» убеждены: если каждый житель с.Каратал будет бережно относиться к природе, наше село станет ещё чище и краше.

Пусть пример с.Каратал вдохновит и другие сёла и города. Ведь всё великое начинается с малого — с одного шага, с одного доброго дела, с одного посаженного дерева.

Новиков С.П.,

Ескельдинский район

Каратальская средняя школа с дошкольным мини центром

Участник «Жасыл клуба»

Учащийся 10 «Б» класса

АПАТҚА АПАРАР ҮШ ІНДЕТ

Қазақ халқының ұлы ойшылы, дана бұл - Қазыбек би «Апатқа अपарар үш індет бар: надандық, жалқаулық, ынтымақсыздық» деп бекер айтпаған. Осы үш індеттен арылу - әр адамның ғана емес, бүкіл ұлттың міндеті. Ақын Сара ауылдық кітапхана қызметкерлері жастармен надандық, жалқаулық, ынтымақсыздықтың мәнін талқылап тренинг өткізді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, жеке көзқарастарын айтты:

1. Надандықтан құтылудың ең басты жолы - білім алу. Білім жарыққа жетелейтін шамшырақ. Білімді адам - елдің тірегі, халықтың үміті.

2. Жалқаулық - адам мен қоғам дамуын тежейтін ең қауіпті қасиеттердің бірі. Адам бойындағы жігер мен табандылықты әлсіретеді.

3. Ынтымақсыздықтан құтылудың бірден - бір жолы өзара құрмет, сыйластық және ортақ мақсатқа ұмтылу.

Бүгінгі дамып келе жатқан заманда елдің болашағы жас ұрпақтың қолында. Жастарды білімді, еңбекқор, бірлікті болуға баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру - біздің басты міндетіміз. Адамды алға жетелейтін, жеңіс биігіне көтеретін білім, ақыл, еңбек, бірлік екендігін ұғындыру. Осы қасиетке ұмтылған адам ешқашан апатқа ұрынбайды.

Бүгінгі жастар - ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар. Оларды тек білімді, еңбекқор ғана емес, бірлік пен татулыққа ұмтылған ұлтжанды тұлға ретінде қалыптастыру - баршамызға ортақ жауапкершілік. Кітапхана қызметкерлерінің бұл бастамасы - жастарды терең ойлауға, қоғамдағы өз орны мен міндетін ұғынуға жетелейтін маңызды іс болды. Осындай рухани-танымдық шаралар жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастырып, оларды дұрыс бағытқа жетелейді. Қазыбек бидің асыл сөзі - өткеннің емес, бүгіннің де сабағы. Надандықты - біліммен, жалқаулықты - еңбекпен, ынтымақсыздықты - бірлікпен жеңуге болады. Осындай ізгілікті қасиеттерге ұмтылған адам ешқашан апатқа ұрынбайды. Ақын Сара ауылдық кітапханасының ұжымы алдағы уақытта да осындай тәрбие мен тағылымға толы шараларды жүйелі түрде өткізуді жо-старлап отыр. Себебі ел болашағы - білімді, саналы, еңбекқор, бірлікшіл ұрпақтың қолында!

ТЕАТР – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ



келе жатса да, театр үлкен істер атқарып, көрерменнің жүрегіне жол тауып келеді.

«Би ата» театрының құрамында аудандық, облыстық мәдени-рухани шараларға белсене қатысып жүрген, сахна тілі мен бейнелеу шеберлігі үйлескен талантты мәдениет қызметкерлері бар. Ұжымды кәсіби білімі бар, тәжірибелі маман – Мерсимова Жаңыл Алядарқызы басқарады. Ол – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің музыкалық білім мамандығын тәмамдаған, өз ісінің нағыз шебері. 2025 жылдың 10 қазанында Талдықорған қаласындағы Дөнеш

Барайықшы театрға...
Көз алдыңа әкеліп бар ғаламды,
Көңіліңді аулап, емдейтін жан жараңды,
Ұмыттырар іштегі бар налаңды –
Ол – театр!
Сол себепті, барайықшы театрға!
Театр – адам жанын тербейтін, ой-сезімді тереңнен қозғайтын ғажайып өнер әлемі. Әрбір сахналық қойылым – өмірдің өзі, тағдырлар тоғысқан тұтас бір әлем. Театр – тек өнер емес, ол – тәрбие, тағылым, рухани дамудың қайнар көзі.

Осындай қастерлі де киелі өнер ордасы – «Би ата» театры. «Ескелді ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі» МКҚК жанынан 2021 жылы құрылған бұл театр бүгінде өңір мәдениетінің шоқтығы биік ұжымдарының біріне айналды. Бір ғана штаттық бірлікпен жұмыс жасап



асқақтатып, сахна мәдениетінің биік үлгісін көрсеткен «Би ата» театрының ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Алдағы уақытта да театр өнерінің тұғырын биіктетіп, халықтың рухани сұранысына қызмет ете берсін деп тілейміз.

Себебі театр – халықтың рухани байлығы, мәдени мұрасы. Оны ұлықтау, қолдау – ұлттың мәдениетіне деген құрметтің айқын белгісі. Театрымыздың тұғыры биік, болашағы жарқын болсын! Барайықшы театрға...

Ардақ Шаймерденқызы,
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТТІ



қолдау көрсетіп, әрбір ұпайды үлкен ықыласпен қарсы алды. Жарыс қорытындысы бойынша келесідей нәтижелер тіркелді:
-1-орын — Е. Жайсаңбаев атындағы Ақсу ауданы командасы;
-2-орын — Ш. Уәлиханов атындағы Ақын Сара командасы;
-3-орын — Ж. Сыдық атындағы Ақсу ауданы командасы.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды. Бұл марапаттар – қатысушылардың еңбегі мен табандылығына берілген лайықты баға.

Аталған жарыс ауыл тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, жастар арасында салауатты өмір салтының маңыздылығын кеңінен насихаттады. Сонымен қатар, мұндай бастамалар ауыл жастарының өзара таныстығы мен ынтымағын нығайтып, оларды ортақ мақсат жолында біріктіруге сеп болды.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай спорттық іс-шараларды жиі өткізіп, ауыл спортының дамуына серпін беруді жоспарлап отыр. Жергілікті билік пен спорт ұйымдары мұндай бастамаларды қолдай отырып, болашақта аудандық, тіпті облыстық деңгейдегі жарыстарды ұйымдастыруды көздейді. Қорытындылай келе, Ақын Сара мен Қоңыр ауылдарының бұл бастамасы өзе де елді мекендерге үлгі болары сөзсіз. Спорт – тек денсаулық кепілі емес, ол – бірлік пен татулықтың, достық пен серіктестіктің символы. Ауылда өткен бұл жарыс соның нақты дәлелі болды.

Г.ОМАРОВА,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

КІТАППЕН БІРГЕ ӨСЕМІЗ



Адамзат баласының даму жолындағы басты құндылықтар – білім, ғылым және өнер. Осы үш тірек арқылы адам баласы талай жетістіктерге жетіп, өркениетті қоғам құрып келеді. Ал сол құндылықтардың қайнар көзі – кітап. Ал кітапқа қолжетімділікті қамтамасыз ететін, білімнің шамшырағы саналатын орын – кітапхана.

Сырымбет ауылдық кітапханасы жыл басынан бері оқырман санын арттыру, әсіресе жас буынды кітап оқуға баулу, мектеппен өзара байланысты күшейту бағытында бірқатар нәтижелі жұмыстар атқаруда. Осы мақсатта ұйымдастырылған шаралардың бірі – табиғат аясында өткен «Кітаппен бірге өсеміз» атты буккроссинг.

Аталған шара аясында кітапханашылар оқушыларды кітапхана қорымен, кітапханаға жазылу және пайдалану ережелерімен таныстырды. Ашық аспан астында өткен бұл ерекше кездесуде балалар өзара кітаптармен алмасып, сүйікті туындылары жайлы пікір бөлісті. Бұл тек жай ғана серуен емес, кітаппен рухани байытуға арналған мазмұнды кездесу болды.

Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды өздігінен оқуға, ізденуге баулиды. Сонымен қатар, кітапхананың қоғамдағы маңызын айқындап, рухани дамудың ордасы ретіндегі рөлін күшейтеді.

Д. Жанталинова,
Сырымбет ауылдық кітапханашысы

ҚАРТТАРЫМ-АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Қазақ халқы әрқашан үлкенді құрметтеп, қарттарын қадір тұтатын халық. “Қарты бар үйдің қазынасы бар”- деген дана сөз бекер айтылмаған. Өйткені қария-елдің шежіресі, ұлттың ұяты мен парасатының иесі. Қоңыр ауылында қарттарға арнап “Қарттарым асыл қазынам” атты сазды кеш өтті. Бұл кешке ауылымыздың барлық қарттары шақырылып,

дастархан жайып, ауылдық клубтың қызметкерлері өн мен жыр-дан шашу шашса, Ақсақалдар алқасымен әжелер ансамблінің құрылған “Қоңыржай” ансамбліде өз өнерлерін көрсетіп, халықтың қошеметіне бөленді.

Қарттарымыз өмірдің талай өткелінен өтіп, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық ғибрат қалдырған жандар. Олар ел бірлігінің, татулық пен ізгіліктің дәнекері. Қарияның батасы-жақсылықтың бастауы, ақыл кеңесі-жол сілтер шамшырақ. Бүгінгі ұрпақ аға буынға құрмет көрсетіп, олардың өмірлік тәжірибелерін үлгі ету керек.

Қарттарымыздың жүзінен мейірім келпесін, көңілінен жылылық өшпесін. Қарттарымыз аман болсын асыл қазынамыз мәңгі ортамызда.

Умирбекова Ж.А,
Қоңыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ЖҮРЕКТЕГІ ӘКЕШІМЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ!

Әкешім... Бұл бір ғана сөз болса да, оның артында шексіз мейірім, жылулық және өмірдің мәні жатыр. Әр бала үшін әкесі – қорған, тірек, қамқорлықтың бейнесі. Менің өмірімдегі ең асыл жан – менің әкешім еді. Быыл әкешімнің өмірден өткеніне 6 жыл толады. Бірақ уақыт өткен сайын жүрегімдегі сағынышым одан сайын күшейіп барады.

Көз алдымда әкешімнің сабырлы жүзі, жылы көзқарасы, мейірімге толы үні әлі күнге дейін жаңғырып тұрады. Әр сөзі өмірлік сабақтай естіліп, әр қимылы өнеге болып есте қалды. Біз алты балалы шаңырақта өстік — бес қыз, бір ұл. Әкешім әрқашан қамқор, сабырлы, адал, еңбекқор жан болатын. Қаталдау көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, мейірімі мол еді. Оның ең сүйікті сөзі — «адам болып қалу» — бізге өмірлік ұстаным болып сіңді.

Қазір өзім ата-ана болғанда, әкешімнің қадірін бұрынғыдан да терең түсінемін. Себебі ұлым: «Атам болса ғой, менімен ойнаса ғой...» деп күрсінеді. Сол сәтте жүрегім шым ете түседі. Баламның сол сөздері мені өткен күндерге жетелейді. Әкешімнің немересін бауырына басып, еркелеткенін көргім келеді. Бірақ мен ұлыма атасының қандай асыл адам болғанын айтып жүремін. Ол да атасын мақтаншыпен еске алады.

Анам да кейде үнсіз отырып, әкешімнің суретіне ұзақ қарап көзіне жас алады. Сол сәтте бәріміз де үнсізбіз... Бірақ іштей сеземіз — әкешім әрқашан қасымызда, жүрегімізде, естеліктерімізде өмір сүріп келеді.

Сағыныш — көзге көрінбейтін, бірақ жүректі тербететін ең терең сезім. Уақыт өтсе де, сағыныштың дәмі өзгермейді. Ол жүректің ең түкпірінде мәңгі сақталады.

Әкешім, Сіз біздің жүрегіміздесіз. Сіздің мейіріміңіз, даналығыңыз, адалдығыңыз біз үшін өмірлік бағдар. Рухыңыз шат, мекеніңіз нұрлы болсын, менің асыл Әкешім...

Берекполова Айдана Серікқызы
Аудандық кітапхананың әдіскері

«БЖЗҚ» АҚ 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ АКТУАРЛЫҚ ЕСЕБІН ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстан демографиялық қартаю дәуіріне аяқ басып келеді және ғасырдың орта тұсына қарай ол демографиялық қартаю деңгейі өте жоғары елдер санатына енеді: республика халқы санының 2050 жылдың соңына қарай 26,5 млн адамға дейін өсуі мүмкін екенін ескерсек, елдің әрбір алтыншы тұрғыны 60 жастан асады – егде жастағы адамдардың үлесі халықтың жалпы санының 18,8% құрайды.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алушылардың саны 2025 жылдан 2050 жылға дейінгі кезеңде 4 есеге артады - 520 мыңнан 2 млн-ға дейін. Бұл деректер «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) жариялаған «2024 жылғы актуарлық есепте» (бұдан әрі – есеп) келтірілген. Онда Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі дамытуға байланысты кешенді актуарлық есептеулер мен болжамдардың нәтижелері көрсетілген.

Демографиялық өзгерістердің зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне салатын салмағы айтарлықтай. Сондықтан мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – халықаралық стандарттарға сай келетін және лайықты зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ететін зейнетақы жүйесін қалыптастыру. Жүйенің тиімділігі есепте талданып, болжамдар бірқатар көрсеткіштер бойынша бағаланады. Ұсынылған жылдық актуарлық есеп мемлекеттік органдар, сарапшылар және жалпы жұртшылық үшін маңызды деректер көзі саналады.

Демографиялық трендтер

Есептің бірінші бөлімінде демографиялық өзгерістер және олардың зейнетақы жүйесіне әсері сипатталған. Есепте 2025 жылдың басындағы демографиялық жағдай және стохастикалық және детерминистік модельдерді қолдана отырып жасалған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді болжамдар келтірілген. Жалпы тенденциялар – өмір сүру ұзақтығы артады, туу деңгейі төмендейді – болжам бойынша 2050 жылға қарай халықтың құрылымындағы егде жастағы азаматтардың үлес салмағы өседі, ал еңбекке қабілетті халықтың саны азаяды. Бұл өзгерістер зейнетақы жүйесінің жинақтаушы компонентінің рөлін арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі

Есептің екінші бөлімі Қазақстанның қолданыстағы көпдеңгейлі зейнетақы моделін сипаттауға, оны халықаралық рейтингтерде бағалауға, сондай-ақ барабар зейнетақы табысын қалыптастыру үшін зейнетақы жарналарының оңтайлы мөлшерлемелерін талдауға арналған. Республикада Қаржы нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастырудың бастауында тұрған сарапшылардың жүйені одан әрі жетілдіру жолдары туралы пікірлері келтірілген.

Зейнетақы ағындарына болжам

Үшінші бөлімде зейнетақы ағындарын модельдеу және болжау нәтижелері, атап айтқанда KazPRESTO кешенді актуарлық моделі және оның болжамды нәтижелері, демографияны, еңбек нарығын, міндетті зейнетақы жарналарының 10% есебінен зейнетақы төлемдерін модельдеу көрсетілген. Болжамды есептеулер жинақтаушы жүйедегі зейнетақы ағындарының ұзақмерзімді перспективада тұрақты өсуін көрсетеді. Сонымен қатар, жинақтарды мерзімінен бұрын пайдалану саясатын бақылау, жарналардың жүйелілік деңгейін арттыру, халықты зейнетақы жүйесімен қамту, сондай-ақ инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыру қажеттілігіне, әсіресе нақты табыстылығы төмен болған кезде баса назар аударылады.

БЖЗҚ-ның жылдық актуарлық есебі – Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен ұзақмерзімді перспективаларын кешенді бағалауға мүмкіндік беретін маңызды құжат. Ондағы тұжырымдар зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын және зейнетақы төлемдерінің лайықтылығын арттыруға бағытталған тиімді шешімдерді әзірлеу үшін негіз болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА 12 АЙДА ЕСЕПТЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС 2,74 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша отандастарымызға соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс 2,74 трлн теңгеге жетті. БЖЗҚ-ның МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің кірістілігі 12,60% құрады, инфляция мөлшері – 12,20%. ЖМЗЖ-ның соңғы 12 айдағы кірістілігі 01.09.2025ж. – 7,64%.

Қазақстандықтардың ағымдағы жылдың 8 айындағы таза инвестициялық кірісі – 1 270,99 млрд теңге. Оның ішінде 1 265,72 млрд теңгесі салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есептелген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен табысқа тиесілі. Қазақстандықтардың шартты зейнетақы шоттарына (ШЗШ) есептелген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен таза инвестициялық кіріс 5,26 млрд теңгені құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.

Ұзақ мерзімді кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік инфляциядан асып түседі. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік 979,95% -ды көрсетті. Бүкіл кезеңдегі инфляция – 827,78%.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар), сыртқы басқарудағы активтер бойынша сыйақы есебінен, сондай-ақ қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау есебінен қалыптастырылады. Зейнетақы жинақтарының сақталуын және тұрақты табыстылықты қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ және инвестициялық портфельді жеке басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді тұрақты түрде әртараптандырып отырады – активтерді нарықтық жағдайларға байланысты құрылымы үнемі түзетіліп отыратын әртүрлі қаржы құралдары мен валюталарға орналастырады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты да пайдалы ақпаратты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасынан да алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

МОШЕННИКИ ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!

В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако, одновременно с этим, активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно пользуются возможностями быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники часто представляют сотрудниками государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

- Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;
- ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;
- Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);
- Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;
- Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

В случае получения подозрительного звонка, сообщения или письма рекомендуется:

- Немедленно прекратить общение с предполагаемым злоумышленником.
- Зафиксировать информацию о контакте (включая скриншоты переписки, номера телефонов, электронные адреса, ссылки на сайты и иные данные).
- Обратиться в правоохранительные органы или в службу поддержки соответствующей организации (банка, оператора связи и т. д.) для уточнения информации и принятия дальнейших мер.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;
- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;
- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет не востребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

«ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН» САҚТАЙЫҚ

Тұрғын үйлерде от жағу кезінде пешті қараусыз қалдырмау керек, пештің түтіндігін үш айда бір рет тазарту тұру керек. Пештің жарықшаларын күрделі жөндеуден өткізугін қадағалау әр бір азаматтың міндеті. От тұтатқанда тез жанғыш сұйықтың майларын қолданбауға, кешкісін жатар уақытта пештің толық жануын және пештің қақпақшалары толық, жақсы жабылуын тексеріп от толық жанып біткен жағдайда бірақ ұйықтаған жөн. Аудан тұрғындарына айтарымыз өрт қауіпсіздігі ережесіне көңіл бөліп тұрғын үйлерде өрттің шығуына тосқауыл болсаңыздар дейміз.

Аудан тұрғындарына айтарымыз – өз өміріңізге, отбасыңызға, көршілеріңізге қауіп төндірмеңіз! Пеш жағу кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне аса мән беріп, барлық талаптарды сақтаңыз. Қарапайым қауіпсіздік ережелеріне немқұрайлы қарау – орны толмас шығындарға, тіпті адам өліміне әкелуі мүмкін.

Өрттің алдын алу – оны сөндіргеннен әлдеқайда жеңіл. Сондықтан, баршамыз қауіпсіздікті бірінші орынға қойып, өзімізден бастап қоғамға үлгі болайық. Тек сонда ғана біз отбасымыздың, ауылымыздың және еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Өрт қауіпсіздігі – үй иесінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әр адам өз үйінде тәртіп орнатып, қауіпсіздікті басты орынға қойса, ел ішінде де, қоғамда да тыныштық орнайды. Ендеше, «сақтансаң – сақтайды» деген халық даналығын ұмытпай, әрбір ісімізге жауапкершілікпен қарайық.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ
аға инженері азаматтық
қорғау капитаны

ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ПОРТФЕЛИ ПОД УПРАВЛЕНИЕМ НБРК И УИП: ИТОГИ НА 1 СЕНТЯБРЯ 2025 ГОДА

АО «ЕНПФ» (далее - ЕНПФ) представляет отчет об управлении пенсионными активами Национальным Банком Республики Казахстан (далее - НБРК) и управляющими инвестиционным портфелем (далее - УИП) на сайте enpf.kz в разделе «Показатели - Инвестиционная деятельность».

Общий объем пенсионных активов на 1 сентября 2025 года под управлением НБРК и УИП составил 25 083,08 млрд тенге. По состоянию на эту дату пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении НБРК, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (далее - ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее - ОППВ), добровольных пенсионных взносов (далее - ДПВ), составили порядка 24 463,47 млрд тенге . Объем пенсионных активов, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (далее - ОПВР), находящихся в доверительном управлении НБРК, - 551,25 млрд тенге.

Пенсионные активы под управлением УИП составили более 68,36 млрд тенге. Инвестиционный портфель пенсионных активов под управлением НБРК Национальный Банк, как доверительный управляющий пенсионными активами ЕНПФ, проводит сбалансированную инвестиционную политику: инвестирует в различные виды финансовых инструментов по валютам, странам, секторам и эмитентам.

Основные направления инвестирования пенсионных активов, сформированных за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, на 1 сентября 2025 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК – 42,58%, облигации квазигосударственных компаний – 8,85%, облигации банков второго уровня Республики Казахстан – 2,78%, депозиты НБРК – 2,14%, акции и депозитарные расписки эмитентов РК – 1,77%, МФО – 1,20%.

Инвестиционный портфель в разрезе валют, в которые номинированы финансовые инструменты, приобретенные за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, по состоянию на 1 сентября 2025 г. выглядят так: инвестиции в национальной валюте – 57,33%, в долларах США – 42,67% портфеля пенсионных активов.

Из анализа структуры полученного дохода следует, что доход в виде вознаграждения по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям «обратное РЕПО» составил 1 277,10 млрд тенге, доход от переоценки иностранной валюты, за исключением активов во внешнем управлении, - 139,12 млрд тенге, доход по активам, находящимся во внешнем управлении, в том числе с учетом курсовой переоценки - 456,19 млрд тенге, прочие доходы - 5,16 млрд тенге. Рыночная переоценка ценных бумаг сложилась отрицательной.

Размер начисленного инвестиционного дохода за последние 12 месяцев с сентября 2024 года по август 2025 года составил порядка 2,74 трлн тенге, доходность за данный период - 12,60% при инфляции в размере 12,20%.

Направления инвестирования ОПВР на 1 сентября 2025 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК – 97,58%, депозиты НБРК – 2,22%, денежные средства на инвестиционных счетах – 0,20%.

Инвестиционный портфель за счет ОПВР включает только финансовые инструменты, номинированные в национальной валюте.

По состоянию на 1 сентября 2025 года доходность ОПВР за последние 12 месяцев составила 7,64%.

Напомним, что пенсионные накопления – долгосрочные инвестиции. Поэтому анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее одного года. В отдельные периоды может наблюдаться снижение доходности вследствие волатильности курсов иностранных валют, изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, а также влияния инфляции.

Диверсификация инвестиционного портфеля, когда доход по одним инструментам перекрывает временные убытки по другим, обеспечивает сохранность и устойчивую доходность пенсионных сбережений в долгосрочной перспективе.

Так, инвестиционный доход в динамике за последние 3 года показывает стабильный рост, доходность пенсионных активов превышает уровень инфляции.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением НБРК с указанием эмитентов и обзор инвестиционной деятельности размещены на официальном сайте ЕНПФ. Также на сайте enpf.kz размещена информация о структуре портфеля по пенсионным активам, сформированным за счет ОПВР.

Управляющие инвестиционным портфелем

Общий объем пенсионных активов, находящихся под управлением УИП, составляет более 68,36 млрд тенге.

По состоянию на 01.09.2025 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Alatau City Invest», составили 12,74 млрд тенге.

Основные инвестиции компании: ГЦБ МФ РК – 18,59%, Паи Exchange Traded Funds (ETF) – 16,76%, облигации банков второго уровня РК – 16,29%, РЕПО – 16,14%, облигации квазигосударственных организаций РК – 11,33%, корпоративные облигации иностранных эмитентов – 6,17%, МФО – 5,90%, корпоративные облигации эмитентов РК – 5,82%, ГЦБ иностранных государств – 2,77%. Отметим, что 75,09% портфеля представлено в тенге, 23,47% – в долларах США, 1,43% – в других валютах.

По состоянию на 1 сентября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 10,94%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Alatau City Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.09.2025 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Halyk Global Markets», составили 6,42 млрд тенге.

Основные инвестиции в структуре портфеля таковы: РЕПО (не более 90 календарных дней) – 44,31%, государственные ценные бумаги Министерства финансов РК – 10,41%, корпоративные облигации иностранных эмитентов – 9,54%, облигации банков второго уровня РК – 8,73%, долевые инструменты иностранных эмитентов (Паи ETF) – 7,49%, корпоративные облигации организаций РК – 5,25%, облигации квазигосударственных организаций РК – 4,99%, ценные бумаги, имеющие статус государственных, выпущенные центральными правительствами иностранных государств – 3,84%.

Инвестиции в национальной валюте составили 76,27% портфеля, в долларах США - 23,73%.

По состоянию на 1 сентября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 12,59%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Halyk Global Markets» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.09.2025 г. пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «BCC Invest», составили 7,67 млрд тенге.

Основные направления инвестиций: облигации БВУ РК – 25,92%, облигации квазигосударственных организаций РК - 16,53%, ГЦБ МФ РК – 15,71%, РЕПО – 12,33%, корпоративные облигации эмитентов-резидентов РК – 12,25%, корпоративные облигации иностранных эмитентов – 11,61%.

Инвестиции в национальной валюте составили 74,12% портфеля, в долларах США - 25,88%.

По состоянию на 1 сентября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 12,85%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «BCC Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.09.2025 г. пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «Сентрас Секьюритиз», составили 2,98 млрд тенге.

В облигации квазигосударственных организаций РК инвестировано 17,81%, облигации БВУ РК – 17,48%, корпоративные облигации эмитентов РК – 16,33%, ГЦБ МФ РК – 16,05%, РЕПО – 9,30%, государственные облигации США – 5,40%, акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов – 3,83%, акции и депозитарные расписки эмитентов-резидентов РК – 3,42%.

Инвестиции в национальной валюте составили 69,03% портфеля, в долларах США – 30,97%.

По состоянию на 1 сентября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 16,14%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Сентрас Секьюритиз» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.09.2025 года пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance», составили 38,55 млрд тенге.

Основные инвестиции в структуре портфеля выглядят так: ГЦБ МФ РК – 23,31%, РЕПО – 16,96%, облигации банков второго уровня РК – 9,78%, корпоративные облигации иностранных эмитентов – 9,52%, ГЦБ иностранных государств – 8,59%, МФО – 8,47%, Паи Exchange Traded Funds (ETF) – 6,51%, корпоративные облигации эмитентов РК – 5,62%, облигации квазигосударственных организаций РК – 3,14%, акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов – 2,79%, акции и депозитарные расписки эмитентов РК – 2,70%.

В инструменты в национальной валюте инвестировано 59,33% портфеля, в долларах США – 40,67%.

По состоянию на 1 сентября 2025 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 13,25%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

Напомним, что с 1 июля 2023 г. вкладчики могут передать в доверительное управление не более 50% пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) без учета порога минимальной достаточности управляющим инвестиционным портфелем (УИП), выбрав такую компанию самостоятельно. Вкладчики, у которых есть добровольные пенсионные накопления, могут их передать их УИП в объеме 100%.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Мен-Бақытбекұлы Бақжанар,
Қара қылды қақ жарар.
Ақын боп өсіп келемін,
Тыңдаған жұртым таң қалар.

Мекенім Жалғызағаштан,
Таулары көкпен таласқан.
Тоғызыншы сыныпта оқимын,
Он бестен жасым ары асқан.

Қожа да болып ойнаған,
Өнерге ешбір тоймаған.
Әкеме болып қолқанат,
Демалыс күні қой бағам.

Жақсылыққа жорғамын,
Жамандыққа зроғамын.
Ұлы бір жолды таңдадым.
Ақын да болу арманым!

Бақжанар БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Жылғызағаш орта мектебінің 9-сынып оқушысы

«ЖЕТИСУ ШҰҒЫЛАСЫ»
ГАЗЕТИНЕ АРНАУ

Жетісу шұғыласы,
Ақпараттың бой түзер құбыласы.
Ауданның тынысы мен тіршілігін,
Апта сайын хабарлап, жыр қыласың.

Жетісу шұғыласы,
Жүз жасаған Жамбылдың тұрғыласы.
Өткені мен кеткені тарихымның,
Сен де жатыр халқымның мың мұрасы.

Жетісу шұғыласы,
Өрнегі-өлең, сөзі-құт, шындық-асы.
Сарабал саясат пен халық қамын,
Қос бұрымдай қоса өріп тындырасың.

Жетісу шұғыласы,
Сүбелі сөздің сенде сұңғыласы.
Осынау, ғасыр тойың құтты болсын,
Жақсылық пен жаңалық болсын нәсіп!

Бақжанар БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Жылғызағаш орта мектебінің 9-сынып оқушысы

ПРОФИЛАКТИКА БОТУЛИЗМА!

В целях предупреждения отравления среди населения особенно повышается количество случаев отравлении пищевыми продуктами.

Ботулизм – это пищевое отравление, возникающее в результате употребления продуктов, зараженных палочками ботулизма и характеризующееся тяжелым поражением нервной системы. Местом постоянного обитания возбудителей является почва, из которой они попадают на грибы, свежие фрукты, овощи, в воду, а затем в кишечник рыб и т.д.

Непременным условием для развития этих микробов является отсутствие кислорода, что может происходить в герметически закупоренных банках, в толще плохо прокопченных окороков, вяленой рыбы. Накопление токсина в пищевом продукте твердой консистенции носит гнездный характер, поэтому часть употребивших такой продукт может заболеть, а часть – нет. Большинство консервов является хорошей питательной средой для размножения палочки ботулизма.

К ним в первую очередь относятся кабачковая и баклажанная икра, консервированные свекла и морковь, мясные, рыбные, грибные консервы.

Токсин, вырабатываемый палочками ботулизма, по силе действия превосходит все другие бактериальные токсины и химические яды. Он устойчив к воздействию внешней среды и разрушается лишь при кипячении в течение 10 – 15 минут.

Инкубационный период при ботулизме составляет 6 – 8 часов, но может продолжаться и 8 - 10 дней! В большинстве случаев ботулизм начинается остро. Появляется недомогание, мышечная слабость, головокружение, головная боль, сухость во рту. В начальном периоде может наблюдаться тошнота, рвота, иногда боли в животе. В течение первых двух суток заболевания появляются нарушения зрения: пелена или сетка перед глазами, дрожание глазных яблок, опущение век, двоение в глазах. Голос становится слабым, глотание и дыхание затруднены. При тяжелом течении болезни наступает выраженное расстройство дыхания. Расстройство и остановка дыхания – наиболее распространенные причины смерти при ботулизме. Эффективным средством лечения является анти-токсическая противоботулиническая сыворотка.

Профилактика ботулизма:

-не рекомендуется консервировать в домашних условиях грибы, мясо, рыбу, зелень;

-для консервирования надо использовать только свежие фрукты и овощи, недопустимо консервировать лежалые, испорченные плоды;

-необходимо тщательно мыть овощи и плоды; если их поверхность загрязнена землей, пользоваться при мытье щеткой;

-строго соблюдать правила стерилизации банок, крышек и режим тепловой обработки продуктов в домашних условиях;

-хранить домашние консервы при низких температурах, обязательно отбраковывать и уничтожать бомбажные (вздутые) банки; -запрещается покупать на рынках (с рук) изготовленные в домашних условиях консервированные грибы или овощи в банках с затанными крышками.

-Так как к ботулиническому токсину особенно чувствительны дети, то им нельзя давать консервированные в домашних условиях продукты, не подвергнув их предварительной термической обработке

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель
Ескельдинского районного УСЭК
Т. ЖАКИШЕВ,
Главный специалист.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ КЕЗДЕСУ ӨТТІ



2025 жылдың 10 қазан күні Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің күрес залында маңызды ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті. Бұл іс-шара – жас спортшылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндіктері туралы кеңінен ақпарат беруге бағытталды.

Жиынға аудандық спорт мектебінің жаттықтырушылары, жас спортшылар, сондай-ақ сала мамандары қатысты. Іс-шара барысында қатысушыларға елімізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер, олардың түрлері, қолжетімділігі, алу тәртібі,

әсіресе электронды үкімет порталы (eGov.kz) арқылы ұсынылатын қызметтер туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласының мамандары жастарға “Электронды үкімет” порталының артықшылықтарын, қызметтерді онлайн алу үдерісін, цифрлық қолтаңбаны пайдалану жолдарын нақты мысалдармен көрсетіп, қолжетімді әрі тиімді жолдарын таныстырды. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шаралары жайында, әсіресе спорт саласындағы мемлекеттік гранттар, спорттық жабдықтармен қамту, жасөспірімдерге арналған бағдарламалар мен жергілікті деңгейдегі қолдау тетіктері жайлы да кеңінен мағлұмат берілді.

Спортшылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды. Қатысушылар мемлекеттік қызметтерге қатысты бұрыннан қалыптасқан түсініктері мен көзқарастарын кеңейтіп, жаңа ақпараттармен қаруланды.

Іс-шара барысында қатысушыларға арнайы ақпараттық жадынамалар, нұсқаулық парақтар таратылып, олар болашақта электронды қызметтерді өз бетінше пайдалана алатындай деңгейде білім алды.

Кездесудің басты мақсаты — жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заманауи технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету болды. Бұл – Елбасының және Мемлекет басшысының «Цифрлық Қазақстан», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамаларын жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі.

Осындай іс-шаралар жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың заманауи цифрлық қоғамға бейімделуіне де ықпал етеді. Болашақта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, ауыл және аудан деңгейіндегі барлық жасөспірімдер мен жастарды қамту көзделуде.

Ескелді ауданында өткен бұл кездесудің тәрбиелік, танымдық және ақпараттық маңызы зор болды. Құқықтық сауатты, мемлекетпен тығыз байланыста өмір сүретін жастар — ел болашағының кепілі.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі таңда адамзат баласы түрлі жаһандық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Солардың ішіндегі ең өзектілерінің бірі – нашақорлық. Бұл – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның қасіреті. Есірткіге тәуелділік адам денсаулығына ғана емес, ұлттың болашағына, елдің қауіпсіздігіне, экономикалық тұрақтылығына, әлеуметтік даму деңгейіне кері әсерін тигізетін ауыр індет.

Нашақорлық дегеніміз не? Нашақорлық (грекше «нарке» – ұйқы және «тапіа» – құмарлық) – бұл есірткі заттарын тұтынуға деген патологиялық тәуелділік. Адам мұндай заттарды бірнеше рет қолданғаннан кейін ағзасы мен психикасы оған бой үйретіліп, үнемі қажетсінетін күйге жетеді. Бұл тәуелділік көбінесе жасөспірімдер мен жастар арасында кең таралып, олардың өмірін, болашағын тікелей күйретеді.

Нашақорлықтың салдары Нашақорлықтың зардаптары тек бір адаммен шектелмейді. Оның тікелей және жанама әсерлері бүкіл қоғамға төнеді:

-Денсаулықтың нашарлауы: Есірткі қолданатын адамдарда жүйке жүйесі бұзылады, иммунитет әлсірейді, түрлі жұқпалы ауруларға (ВИЧ, гепатит) шалдығу қаупі артады.

-Отбасы құндылықтарының күйреуі: Нашақор адам – отбасы мүшелеріне де қауіп төндіретін, агрессияға бейім, тұрақсыз тұлға айналады.

-Қылмыстың көбеюі: Есірткіге тәуелділер оны сатып алу үшін жиі заң бұзушылықтарға барады. Бұл – ұрлық, тонау, тіпті адам өлтіруге дейін апаратын жол.

-Қоғамдық деградация: Нашақорлық – білімсіздік пен мәдениеттің төмендеуіне, еңбекке деген құлшыныстың жойылуына алып келеді.

-Экономикалық шығын: Мемлекет нашақорларды емдеуге, құқық қорғау шараларына, алдын алу жұмыстарына қыруар қаржы жұмсайды.

Нашақорлықтың таралу себептері Нашақорлықтың кең таралуына бірнеше факторлар себеп болады:

1.Қызығушылық пен білмекке құштарлық. Көбінесе жасөспірімдер алғашқы есірткіні қызығушылықпен байқап көреді.

2.Қоршаған ортаның әсері. Нашақор достар, теріс орта адамды тез баурап алады.

3.Психологиялық проблемалар. Стресс, жалғыздық, отбасыдағы кикілжің – адамды есірткіге итермелейтін себептердің бірі.

4.Ақпараттың жетіспеушілігі. Жастар есірткінің зияны туралы жеткілікті білімге ие болмағандықтан, оның зардабына мән бермейді.

Алдын алу шаралары Нашақорлықпен күресу үшін бір ғана мекеменің немесе отбасының емес, бүкіл қоғамның атсалысуы қажет. Алдын алу шаралары кешенді түрде жүргізілуі тиіс:

-Білім беру: Мектептер мен колледждерде есірткінің зияны туралы жүйелі сабақтар, тренингтер өткізілуі керек.

-Ақпараттық кампаниялар: БАҚ пен әлеуметтік желілерде нашақорлықтың зияны туралы бейнероликтер, деректі фильмдер, мақала мен сұхбаттар жиі жариялануы қажет.

-Отбасы тәрбиесі: Ата-ана мен бала арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас – баланы есірткіден сақтаудың басты жолы.

-Мәдени-спорттық іс-шаралар: Жастарды пайдалы істерге баулу – зиянды әдеттерден сақтайтын басты құрал.

-Құқықтық шаралар: Есірткі саудасымен айналысатын тұлғаларға қатысты заң қатал болуы тиіс.

Нашақорлық – қоғамды іштен іретін қауіпті дерт. Оның алдын алу мен жою – тек медициналық немесе құқықтық мәселе ғана емес, рухани, мәдени, тәрбиелік міндет. Әрбір адам – ата-ана, ұстаз, дәрігер, полиция қызметкері немесе қарапайым азамат – өз үлесін қосуы тиіс.

Ұлт болашағы – жастардың қолында. Ал жастардың дені сау, санасы сергек, тәрбиесі мықты болуы – нашақорлыққа қарсы күрестегі басты жеңіс. Ендеше, қоғам болып бұл індетпен күресуді тоқтатпай, үнемі жаңаша тәсілдермен, біліммен, бірлікпен ерекет етейік. Себебі нашақорлықпен күресу – өмірді қорғау.

Нашақорлыққа жол жоқ!



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ-ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС,ҮЛЕС ҚОС

Елімізде ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады.1 тамыз бен 20 қазан айы аралығында өтетін бұл санақ елдің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу.

Санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жүргізіледі . Іс- шара онлайн –сауалнама және үй шаруашылықтарын аралау бойынша іске асады.

Онлайн кезең 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында өтеді. Онда респонденттер санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады.20 қыркүйектен 20 қазан айына дейін интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына барады.

Біз барлық азаматты санаққа белсенді қатысуға шақырамыз .Бұл Жай ғана статистикалық шара емес,бұл-азық түлік қауіпсіздігі, Шаруа қожалықтары мен фермерлерді қолдау және аймақтарды да-мыту шешімдерінің негізі.Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығы ,мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар,жеке кәсіпкерлер ,шаруа фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс.

Сондай-ақ ,үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылығы,бақшасы ,жер учаскесі,мал ұстайтын үй шаруашылықтары туралы сұралады.Санаққа ауданымыздағы 12277үй шаруашылығы мен 2045ауылшаруашылығы өндірушілері қамтылады деп жоспар-лануда.

Сауалнама өткізу үшін 26 интервьюер тартылады.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін ауылдық әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімінде интернетке қосылған өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ашылады.Кеңес алу үшін азаматтар sanaq.gov.kz сайтында sanaq Myrza виртуалды көмекшісіне немесе 1446 байланыс орталығына жүгіне алады.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН 2-АШК/ШФҚ САНАҚ ПАРАҒЫ 9бөлімнен және 29 сурақтан тұрады

Не туралы жауап беру керек:

-жер учаскелерінің нақты аудандары,мақсаты және суарудың қолданылатын әдістері

-жерді пайдалану нысаны және пайдалану мақсаттары(егістіктер,көпжылдық дақылдар,жайылымдар)

-мал басы,құстар мен балықтар,шаруашылықта өсірілетін түрлері

-ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары

-шаруашылық қызметте пайдаланылатынжайлар,қоймалар және басқа да объектілер

-тыңайтқыштарды,өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану,органикалық өнім шығару

-сатылатын өнімнің көлемі

-жұмысшылар саны және олардың негізгі демографиялық сипаттамалары

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН 3-ЖҚШ САНАҚ ПАРАҒЫ 9 бөлімнен 22 сұрақтан тұрады

Не туралы жауап беру керек

*жер учаскелері және өсірілетін дақылдар

*мал мен құстың саны,жайылымға шығару

*мал ұстауға арналған нысандардың болуы

*өнімді сату немесе оны өз қажеттіліктері үшін пайдалану

Ескелді ауданының статистика бөлімі

HABARLANDYRU

Требуй чек — выигрывай приз!

Управление государственных доходов по Ескельдинскому району сообщает о проведение масштабной акции «Требуй чек — выигрывай приз!»

С 1 мая по 31 декабря 2025 года у каждого из вас есть уникальная возможность получить ценные призы за свои повседневные покупки! Что нужно сделать? Все очень просто: регистрируйте фискальные чеки от любых товаров и оплаченных услуг в удобном мобильном приложении Amian. Чем больше чеков вы зарегистрируете, тем выше ваши шансы на победу!

Скачайте приложение Amian бесплатно: Оно доступно для скачивания в App Store и Play Market.

Акция «ТРЕБУЙ ЧЕК»

Получите возможность вернуть часть потраченных средств! Просто добавьте любой фискальный чек в приложение Amian и участвуйте в розыгрыше кэшбэка до 100% и других ценных призов!

Как принять участие?

1. Установите бесплатное приложение Amian.

2. Пройдите регистрацию.

3. Добавьте любой фискальный чек, выданный не более 24 часов назад.

Важные условия:

• В акции участвуют все чеки по всему Казахстану, независимо от статуса продавца.

• Ежедневно можно добавить первые 3 чека.

• Максимальная сумма выигрыша в день составляет 10 000 тенге.

• Максимальный кэшбэк с одного чека — 5 000 тенге.

Даже если ваш чек не принес выигрыш в этой категории, не расстраивайтесь! У вас есть второй шанс в акции «Байге» — розыгрывается 100 000 тенге!

Акция «Байге» – Ваш шанс на 100 000 тенге!

Приз в 100 000 тенге достанется одному из 50 лучших участников нашего региона! Победитель будет выбран случайным образом и объявлен в прямом эфире на официальной странице Amian в Instagram.

В случае, если продавец не выдает фискальный чек, отказывается принять оплату картой или совершает иные нарушения, вы можете подать жалобу через мобильное приложение «Amian». Для этого достаточно отсканировать QR-код бизнеса (паспорт налогоплательщика) или заполнить данные вручную. Ваша заявка будет направлена в Комитет государственных доходов (КГД) для рассмотрения. Будьте внимательны и требуйте чек за каждую покупку!

Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1500 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
---	---	---	---	--	--	--